

Тақырыбы:

**«Қора өзенінің бастауында оқу-
танымдық туризмді дамыту
мүмкіндіктері»**

Өзектілігі:

Қора өзенінің бастауындағы тау мұздықтары, эстетикалық тартымдылығы, ерекше моренналы көлдерді рекреациялық тұрғыдан игерудің ғылыми – танымдық, бұқаралық сипаттағы спорттық – сауықтыру, альпенизм мен тау туризмін дамыту мүмкіндіктерін анықтаумен өзекті.

Мақсаты :

Ғылыми жазба дерек көздеріне талдау жасай отырып, Қора шатқалығын жер бедерінің геоморфологиялық ерекшеліктері мен оның бастауындағы тау мұздықтарының туризмді дамыту мүмкіндіктерін анықтап, оған әсер ететін табиғи алғышарттарын ашып көрсету.

Өзен бастауындағы мұздықтар мен моренналы көлдердің спорттық – сауықтыру, оқу – танымдық және экстрималды туризмді дамытудағы алатын орнының маңызын ашу, зерттеу.




География ғылымы әдебиеттер мен Жетісу Алатауының 1:20000 масштабты картасының деректеріне сәйкес Қора шатқалы Жетісу Алатауының солтүстік – батысындағы Мыңшұңқыр, Қора, Қаратау, Жаманкөл жоталарының аралығын бөліп жатқан терең тектоникалық аңғарға орналасқан.







Биіктік белдеу схемасы





Күрделілігі төменгі, орташа дәрежедегі альпинизм мен тау туризмін, тау шаңғысы хелликсиді ғылыми – танымдық туризмді дамытуға ең қолайлы аудандардың бірі Қора, Қорғалжың, Жаманкөл, Арасан, Шыжы, Көксу өзендерінің суайрығы болып табылатын Аралтөбе, Безсонов, Тронов, Аюсай, Сапожников, Лагерный, Алтынсарин мұздықтары болып табылады.



Түйіні

Өз жұмысымда қолда бар деректерге сүйене отырып, Жетісу Алатауының солтүстік – батыс бөлігі Қора шатқалы туризм демалысты дамытуға ең қолайлы ауданға жататынын анықтады.

Қазақстан – 2050 ұзақ мерзімді даму бағдарламасына сәйкес туризм мен демалысты шаруашылықтың маңызды салаларының бірі ретінде қалыптастыру үшін Қора шатқалы мен оның табиғи рекреациялық ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін шешу қажет екенін айқындадық.

Қазіргі кезеңде тау баурайларында қарқынды демалудың бұқаралық сипатталуы аймақтың табиғат кешендері антропогендік әсердің күшейу үрдісінің байқалуы табиғатта рекреациялық мақсатта пайдаланып, туризм мен демалысты ұжымдастырудың ғылыми – әлеуметтік, құқықтық басқа да аспектілері одан әрі зезерттеуді қажет екендігіне көз жеткіздік.